

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ  
МИНИСТРИЛІГ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

20 12 ж. 22 03 жүргілді  
БСН 110540011144

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ  
МИНИСТРИЛІГ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 24 ж. 30 12 жүргілді  
БСН 110540011144

ОРАШЫН ТІРКІЛГЕН КУМ 20.03 жыл, 2024

Казактың ақ бас тұқымының  
Республикалық палатасы  
Мүшелері жиналысының  
«06» 12. 2024 ж.  
№11 хаттамасымен  
бекітілді

Утверждён  
протоколом Собрания членов  
Республиканской Палаты  
казахской белоголовой породы  
№11  
от «06» 12. 2024г.



**ҚАЗАҚТЫҢ АҚ БАС ТҰҚЫМЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ПАЛАТАСЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ  
РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ПАЛАТЫ  
КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ**

Астана қ., 2024 ж.  
г. Астана, 2024г.

# **ҚАЗАҚТЫҢ АҚ БАС ТҮҚЫМЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАЛАТАСЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ**

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

11.1. «Қазақтың ақ бас түқымының Республикалық палатасы» (бұдан әрі Палата деп аталады), заңды және жеке тұлғалармен құрылған, асыл түқымды малды есіруді және (немесе) өсімін молайтуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін іске асыру және корғау үшін құрылған және әрекет ететін коммерциялық емес, өздігінен қаржыландырылатын ұйым болып табылады.

1.2 Палата өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Асыл түқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі бірлесіп – заңнама), сондай-ақ осы Жарғыға және оған сәйкес қабылданған Палата басқару органдарының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Палата өз қызметін Қазақстан Республикасының барлық аумағында жүзеге асырады. Палата облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында олар туралы бекітілген Ережелер негізінде әрекет ететін өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы.

1.4. Палатаның қызметі туралы акпарат беру «Заң газеті» баспа басылымында жүзеге асырылады.

1.5. Палатаның қызмет ету мерзімі шектеусіз.

## **2. ПАЛАТАНЫҢ АТАУЫ**

2.1. Палатаның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Қазақтың ақ бас түқымының Республикалық палатасы»;

орыс тілінде: «Республиканская палата казахской белоголовой породы»;

ағылшын тілінде: «Republican Chamber of the Kazakh White-Headed Breed».

қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Қазақтың ақ бас түқымының Республикалық палатасы»;

орыс тілінде: «Республиканская палата казахской белоголовой породы»;

ағылшын тілінде: «Republican Chamber of the Kazakh White-Headed Breed».

## **3. ПАЛАТА ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ**

3.1. Палата жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың ерікті бірлестігі негізінде құрылады және өз мүшелерінің қоғамдық игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың ақбас түқымының өсімін молайтуды басқару жүйесі ретінде әрекет етеді.

3.2 Палата қызметінің мақсаты:

1) Палата Жарғысында көзделген Палата мүшелерінің мүдделерін білдіру және корғау;  
2) Қазақстан Республикасының аумағында қазақтың ақбас асыл түқымды мал басын көбейту және тарату;

3) мал шаруашылығы саласындағы ықпал ету саласын кенейту және жоғары сапалы ет және қазақтың ақбас түқымды өзге де өнімдері нарығын дамыту;

4) қазақтың ақбас түқымын өсіру саласында істейтін асыл түқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер жұмысының өзара іс-кимылын үйлестіру;

5) тіркелген мал басымен селекциялық және асыл түқымдық жұмысты үйлестіру;

6) Палата мүшелері өсіретін қазактың ақбас тұқымының экспорты мен саудасына ықпал ету;

3.3. Жарғылық мақсаттарына қол жеткізу үшін Палата келесі негізгі қызмет турлерін жүзеге асырады:

1) Селекциялық және тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында тіркеу, асыл тұқымды өнім (материал) мәртебесін беру (токтата тұру, болдырмау) арқылы бірінші және екінші санаттағы қазактың ақбас тұқымының есебін ұйымдастырады;

Палатага ұсынылған асыл тұқымды жануарлар туралы деректердің дұрыстығы үшін жануарлардың иесі толық жауапты болады.

2) табындағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды үйлестіреді;

3) қазактың ақбас тұқымды асыл тұқымды ірі қара малының асыл тұқымды кітабын жүргізу және басып шығару;

4) үәкілетті орган бекіткен тәртіппен қазактынақбас тұқымының асыл тұқымды өніміне (материалына) асыл тұқымдық күаліктерді беруді (жоюды) жүзеге асырады;

5) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары қазактың ақбас тұқымды ірі қара малың импортталған асыл тұқымды өніміне (материалына) берген асыл тұқымдық күалікті немесе оған баламалы құжатты тануды жүзеге асыруды;

6) қазактың ақбас тұқымының генетикасын жақсарту үшін жаңа бағдарламалар, сервистер, технологиялар мен бағыттар туралы хабарлайды;

7) қазактың ақбас тұқымды асыл тұқымды және таза тұқымды жануарларын сату бойынша жәрменкелер, көрмелер, аукциондар (биржалар) өткізуі ұйымдастыруға қатысады;

8) қазактың ақбас тұқымын көбейту үшін қажетті инфракұрылым құруды әзірлеуге жәрдемдеседі;

9) Палатаның жарғылық мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін инвестициялар, гранттар тартады;

10) қазактың ақбас тұқымын және онымен байланысты Бизнесті дамыту, Палата мүшелерінің қызметін дамыту және қолдау саласындағы мақсатты бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіруге және іске асыруға жәрдемдесу;

11) ақпараттық-консультациялық, ғылыми-әдістемелік және баспа жұмыстарын ұйымдастыру;

12) Қазақстан Республикасында қазактың ақбас тұқымының және онымен байланысты бизнестің дамуына тікелей әсер ететін ұйымдармен және мемлекеттік органдармен ынтымақтасады;

13) шетелдік ұйымдармен жұмыс, оның ішінде жаңа технологияларды енгізу, генетиканы жақсарту, қазактың ақбас тұқымын тарату, сондай-ақ қазактың ақбас тұқымын және онымен байланысты бизнесті дамытуға ықпал ететін байланыстарды нығайту;

14) қазактың ақбас тұқымын өсіру бойынша басқа елдердің қауымдастықтарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

15) қазактың ақбас тұқымды жануарларын бағалау туралы деректердің мониторингін жүзеге асырады және мүдделі тұлғаларды оның нәтижелері туралы хабардар етеді;

16) үәкілетті органмен келісім бойынша қазактың ақбас тұқымының стандартын бекітеді;

17) бюджет каражаты шегінде асыл тұқымды өнімге (материалға) субсидиялар бөлу жөнінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына ұсыныс енгізеді;

18) заннамаға қайшы келмейтін өзге де қызмет турлері.

3.4. Осы Жарғымен қарастырылған міндеттерді орындау үшін Палата, Қазақстан Республикасының заннамалық актілерімен тыйым салынған қызметті қоспағанда, өзге қызметті жүзеге асырады

#### 4. ПАЛАТАНЫҢ ОРНАЛАСУ ЖЕРИ

4.1. Палатаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі 40, КЖ-49.

4.2. Палата қызметін Қазақстан Республикасының барлық аумагында жүзеге асырады. Палата оның орналасу жерінен тыс орналасқан, олар туралы бекітілген ережелердің негізінде әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер қура алады.

## **5. ПАЛАТАНЫ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚАЛЫПТАСУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰЗЫРЕТИ**

5.1. Палатаны басқару органдары мыналар:

- 1) Палатаның алқалы органдары – Палата Мүшелерінің жиналышы;
- 2) басқару органдары – Палата Кеңесі;
- 3) атқарушы органдары – Палатаның Атқарушы директоры;
- 4) бақылау органдары – Палатаның бақылау-тексеру комиссиясы.

5.2. Палатаны басқару органдарының құзыреті мен өкілеттіктері, сондай-ақ оларды жүзеге асыру тәртібі заңнамада, Құрылтай шартында, Жарғыда және Палатаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленеді.

5.3. Палатаның Құрметті президенті, меншік нысанына қарамастан, барлық органдар мен үйымдарда Палатаның атынан өкілдік ету үшін қоғамдық өкілеттіктерге ие және бес жылда бір рет сайланады.

## **6. ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫ**

6.1. Палата мүшелерінің жиналышы жылына кемінде бір рет шақырылады. Палата мүшелерінің кезектен тыс жиналышы Палата мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

6.2. Палата Мүшелері жиналышының шешімдері дауыс беру арқылы қабылданады. Палатаның әр мүшесінің бір дауысы болады. Палата мүшелерінің жиналышы келесі себептермен шақырылуы мүмкін:

- 1) Палата мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің талап етуі бойынша;
- 2) Атқарушы директордың бастамасы бойынша;
- 3) Палата Кеңесі Төрагасының бастамасы немесе Палата Кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісінің бастамасы бойынша.

6.3. Палата Мүшелері жиналышының қабылданған шешімі, егер оған қатыскандар санының кемінде жартысы дауыс берсе, заңды деп есептеледі.

6.4. Есеп комиссиясының функциялары Палатаның атқарушы органдына жүктеледі.

6.5. Палата Мүшелері жиналышының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

6.5.1. Палатаның Құрылтай шартына және Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар қабылдау, енгізу, сондай-ақ оларды жаңа редакцияда қабылдау;

6.5.2. Палатаны ерікті түрде қайта үйимдастыру және/немесе тарату туралы шешім;

6.5.3. Палатаның басқару органдарының құзыретін, үйимдық құрылымын, өкілеттіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін айқындау;

6.5.4. заңнамалық актілермен белгіленген шектерде Палатаның басқа заңды тұлғаларды, сондай-ақ өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға (қызметіне) қатысуы туралы шешімдер қабылдау;

6.5.5. Палатаны дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша шешімдер анықтау және қабылдау;

6.5.6. Атқарушы орган ұсынған Палатаның қызметі туралы есепті бекіту;

- 6.5.7. мүшелікке кіру жарналарын және жылсайынғы мүшелік жарналарын енгізу көлемдерін, сондай-ақ Палатаның мүшелері мен мүшелері болып табылмайтын адамдар үшін асыл тұқымды мал мәртебесін беру құнын, және асыл тұқымды күәлік беру құнын бекіту;
- 6.5.8. Палата Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттікмерзімінайқындау, Палата Кеңесінің тәрағасы мен мүшелерін сайлау, кайтасайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6.5.9. Палатаның Атқарушы директорын Палата Кеңесінің ұсынысы бойынша сайлау, оның өкілеттіктерінің мерзімін анықтау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6.5.10. Палатаның бақылау-тексеру комиссиясын сайлау, өкілеттік мерзімін белгілеу және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6.5.11. мұдделер жанжалы болжанатын Палатаның мәмілелерін бекіту;
- 6.5.12. қолданыстағы заннамамен Палата Мүшелері жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 6.5.13. атқарушы органдардың қаржылық есептілігін ұсыну тәртібі мен кезеңділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін айқындау.
- 6.6. Палата Мүшелері жиналысының шешімі қатысуышылар санының карапайым көпшілік даусымен қабылданады.
- 6.7. Палата Мүшелері жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер Палата Кеңесінің қарауына жатады.
- 6.8. Сырттай дауыс беру Палата мүшелеріне телекоммуникация құралдарымен (интернет, электрондық пошта, факс, мессендjerлер және өзге де осыған ұқсас байланыс арналары) және/немесе хатпен жіберілетін дауыс беру бюллетенідерін жіберу арқылы жүзеге асырылады.
- 6.9. Сырттай дауыс беру дауыс беру бюллетеніндегі белгіленген мерзімде, бірақ Атқарушы органдың тиісті бюллетеніндегі Палата мүшелеріне жіберген күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өткізіледі.
- 6.10. Дауыс беру бюллетеніндегі нысанын Палата Кеңесі бекітеді.
- 6.11. Палатан Мүшелерінің жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) оны өткізу жөнінде Палата мүшелерін, Палата Кеңесімен бекітілген тәртіpte, жиналысты өткізу күніне дейін кем дегенде 7 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
- 6.12. Палата мүшелері Палатаның атқарушы органының орналасқан жері бойынша жиналыстың күн тәртібіне қойылған мәселелерге қатысты материалдармен (ақпаратпен, құжаттармен) алдын ала танысуға құқылы.
- 6.13. Палата Мүшелерінің жиналысы байланыс құралдарын және бейне-конференция байланысын қамтамасыз ететін тиісті бағдарламаларды пайдалана отырып, қашықтықтан (онлайн) өткізілу мүмкін.
- 6.14. Палатаның құжаттарына, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: палата мүшелерінің шешімдеріне, жиналыс хаттамаларына, жарғы және құрылтай шарттына және басқа құжаттарға электрондық нысанда, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылуы мүмкін.
- 6.15. Егер Палата мүшесі өзге адамға (оның ішінде Палатаның өзге мүшесіне) Палата Мүшелерінің жиналысына қатысуға сенімхат берген жағдайда, мұндай сенімхат жиналысты өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын Палатаның атқарушы органына танысуға жіберілуі тиіс. Сенімхат берген Палата мүшесі онда Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз шешімін көрсетеді.

## 7. ПАЛАТА КЕҢЕСІ

- 7.1. Палата кеңесі Палатаның қызметіне жалпы басшылық пен басқаруды жүзеге асырады.

Палата Кеңесін Палата мүшелерінің жиналысы Жарғыга сәйкес үш жыл мерзімге сайлайды және Палата мүшелерінің мүдделерін білдіреді.

7.1.1. Палата Кеңесінің құрамы Палата Мүшелері жиналысының шешімі бойынша қайта сайлануы мүмкін.

7.1.2. Палата Кеңесінің құрамы жыл сайын үштен біріне жаңартылып отырады, Палата Кеңесінің төрағасы үш жылда бір рет сайланады.

Палата Кеңесінің құрамын қалыптастыру кезінде тең өңірлік өкілдік қамтамасыз етіледі.

7.2. Палата кеңесі өз қызметін заннамада және Палата Жарғысында белгіленген күзыретке сәйкес жүзеге асырады.

7.3. Палата Кеңесінің негізгі өкілеттіктері мыналар:

7.3.1. қазактың ақбас тұқымын дамытудың негізгі мәселелеріне талдау жүргізу және Палатаның Атқарушы директорына тиісті ұсыныстар енгізу;

7.3.2. Палата қызметінің негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу;

7.3.3. Президент Әкімшілігін, үкіметті, парламентті, Жоғарғы Сотты, Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесін, сондай-ақ орталық және жергілікті мемлекеттік органдарды, сондай-ақ үкіметтік емес, қоғамдық және халықаралық үйымдарды қоса алғанда, Палатаның мүдделерін білдіру және мемлекеттік билік және басқару органдарымен өзара іс-кимылды жүзеге асыру

Палата мүшелерінің жиналысына ұсыныстар беруге, тарифтік саясатқа өзгерістер енгізу;

7.3.4. Палатаның Атқарушы директорының жұмысының регламентін анықтау және қаржылық-шаруашылық қызметін бакылау;

7.3.5. алдағы күнтізбелік жылға арналған Палата бюджетін бекіту және ағымдағы жылы бекітілген бюджеттің атқарылуын бақылау;

7.3.6. алқалы органға ұсынымдар беру, тарифтік саясатқа өзгерістер енгізу;

7.3.7. Атқарушы директордың бекітүге кандидатурасы бойынша Палата мүшелерінің жиналысына ұсынымдар беру. Бұл ретте, бұзушылық анықталған кезде, оның ішінде заннамаға сәйкес атқаратын лауазымының сәйкес келмеуі, мән-жайлар толық анықталғанға және/немесе бұзушылық жойылғанға дейін Атқарушы директорды өз міндеттерін орындаудан уақытша шеттетуге абсолютті құқығы бар;

7.3.8. заннамаға қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

7.3.9. Заннамаға, Жарғыға, құрылтайшы шартқа сәйкес бекіту Палатаның басқа органдарының күзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, ережелерді, қағидаларды, нұсқауларды, бюллетендерді және т.б. қоса, бірақ олармен шектелмей, Палатаның барлық құжаттарын бекіту.

7.4. Өз өкілеттіктеріне сәйкес Палата Кеңесінің:

7.4.1. Палатаның Атқарушы директорына Палата Кеңесінің талқылауына шығарылған сұраптар бойынша ұсыныстар енгізу;

7.4.2. Палата қызметінің негізгі бағыттарын анықтайтын құжаттарды әзірлеуге қатысуға;

7.4.3. Палата Мүшелері жиналысының күн тәртібін бекітуге;

7.4.4. Палата Кеңесінің кезектен тыс жиналысын шақыруды бастамалауға;

7.4.5. Палата Кеңесі бекіткен нысан бойынша, сырттай дауыс берудің 10-күндік мерзімінде қарастырылатын сұраптар бойынша шешімдер қабылдауға;

7.4.6. қазактың ақбас тұқымын дамыту сұраптары бойынша мемлекеттік органдармен, кәсіпорындармен, үйымдармен және кәсіпкерлермен өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға;

7.4.7. Палатаның Атқарушы директорының лауазымдық жалақысының қөлемін анықтауға;

7.4.8. «Палатаның Құрметті Президенті» атағына үміткерді таңдау және атағын беру туралы шешім қабылдауға, осындай атақты беру талаптарын және тәртібін анықтауға, «Палатаның Құрметті Президенті» атағын беру туралы ережені бекітуге құқығы бар.

7.5. Палата Кенесінің құрамына Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы бейіндеғі ғылыми ұйымдарының өкілдері және Палата мүшелері кіреді.

7.6. Палата Кенесінің қызметін Палата Кенесінің төрағасы баскарады.

7.7. Палата Кенесінің төрағасын Палата Кенесі мүшелерінің арасынан сайлайды және оны алқалы орган – Палата мүшелерінің жиналысы бекітеді. Бір адам катарынан екі реттен артық Палата Кенесінің төрағасы болып сайланы алмайды.

7.8. Палата Кенесінің төрағасы Палата Кенесінің жұмыс жоспарын бекітеді, Палата Кенесінің кезекті және кезектен тыс отырыстарын шақырады, отырыстардың хаттамаларына қол қояды, Палата Мүшелерінің жалпы жиналысын шақыруға бастамашылық жасайды.

7.9. Палата Кенесінің жұмысы Палата Кенесінің төрағасы бекіткен жоспар бойынша жузеге асырылады. Құн тәртібін Палата Кенесінің төрағасы Палата Кенесі мүшелерінін, Палата мүшелерінің және Палатаның Атқарушы директорының ұсыныстары бойынша кальпастырады.

7.10. Палата Кенесінің отырыстары Палата Кенесінің жұмыс жоспарына сәйкес жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі. Өткізу құнін, орнын, уақытын және күн тәртібін Палата Кенесінің төрағасы екі аптадан кешіктірмей айқынрайды. Ерекше жағдайларда Палата Кенесі төрағасының шешімі бойынша жоспардан тыс кезекті отырыстар өткізілуі мүмкін, олардың өткізілетін құнін, орнын, уақытын және күн тәртібін Палата Кенесінің төрағасы айқынрайды.

7.11. Палата Кенесінің жұмысына оның мүшелерінен басқа шақырылған адамдар (жеке тізім бойынша) қатыса алады.

7.12. Палата Кенесі мүшесінің дауыс беру құқығын үшінші тұлғаларға, оның ішінде Палата Кенесінің басқа мүшелеріне беруге жол берілмейді.

7.13. Қаралатын мәселелер бойынша шешімдер Палата Кенесінің қатысуши мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

7.14. Палата Кенесінің шешімдерін Палатаның Атқарушы директоры орындауға міндетті.

7.15. Палата Кенесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады, оларға Палатаның кезекті кенесіне бару және тұру үшін гана өтемекі төленуі тиіс.

## 8. АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

8.1. Палатаның атқарушы органды Атқарушы директор болып табылады.

8.2. Атқарушы директорды Палата Кенесінің ұсынуы бойынша 3 (үш) күнтізбелік жыл мерзімге Палата Мүшелерінің жиналысы сайлайды.

Бір адам шексіз рет Атқарушы директор болып сайланы алады.

Ауыл шаруашылығы саласында басшылық жұмыс тәжірибесі бар жоғары зоотехникалық немесе ветеринариялық білімі бар адам Атқарушы директор бола алады.

8.3. Палатаның Құрылтай құжаттарында Палата Мүшелері жиналысының және Палата Кенесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Атқарушы директор Палата қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады;

8.4. Атқарушы директор Палата Мүшелерінің Жиналысына және Палата Кенесіне есеп береді, олардың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

8.5. Атқарушы директор Палата атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін білдіреді.

8.6. Атқарушы директор, Палата Кенесінде бекітілген бюджетке сәйкес, мұлік пен ақшага иелік ету құқығын пайдаланады, шарттар жасасады, оның ішінде еңбек шарттарын жасасады, сенімхаттар береді, банктерде есептік және басқа шоттарды ашады, бүйректар мен өкімдер шығарады, онын

құзыретіне жататын сұрақтар бойынша барлық қызметкерлермен орындау үшін міндетті нұсқаулар береді.

8.7. Палатаның Аткарушы директорының өкілеттіктеріне мыналар енеді:

8.7.1. Палата қаражаты шектерінде Палата қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

8.7.2. Палатаның жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін каржылық және материалдық күралдардың қосымша көздерін тарту;

8.7.3. Палата Кеңесіне Палата мүшелерінің жасаган жарналарының нәтижесінде алынған қаражаттың түсі үшін шығындалуы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

8.7.4. Палата Мүшелері жиналышының отырыстарын өткізу ді ұйымдастыру;

8.7.5. Палата қызметкерлерінің штаттық кестесін және лауазымдық міндеттерін әзірлеу, Палата кеңесінде бекіту;

8.7.6. барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, сондай-ақ барлық мешік нысанындағы ұйымдарда Палатаның мүдделерін білдіру;

8.7.7. Палатаның жаңа мүшесін қабылдау;

8.7.8. Палатага мүшелік туралы күеліктерге қол қою;

8.7.9. Палата Мүшелерінің тізілімін жүргізу;

8.7.10. зандарға қайшы келмейтін және Палата Мүшелері жиналышының және Палата Кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

8.7.11. уәкілетті орган бекіткен тәртіппен асыл тұқымды өнім (материал) мәртебесін беру (токтата түру, күшін жою) жолымен асыл тұқымды мал шаруашылығының таңдалған бағытына қарай асыл тұқымды мал басын есепке алууды ұйымдастыру;

8.7.12. уәкілетті орган айқындаған тәртіппен асыл тұқымды өнім (материал) мәртебесін беру (токтата түру, күшін жою) жолымен бірінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малды және екінші санаттағы етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малды есепке алууды ұйымдастыру;

8.7.13. бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа және (немесе) индекстік бағалау жүргізу қағидаларына және (немесе) ұрпақтарының сапасы бойынша асыл тұқымды асыл тұқымды жануарларды бағалауды жүргізу қағидаларына және (немесе) геномдық бағалау жүргізу қағидаларына және (немесе) еткізу қағидаларына сәйкес асыл тұқымды жануарлардың, оның ішінде асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын айқындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру аஸыл тұқымды малдарды өз өнімділігі бойынша бағалау (сынау);

8.7.14. уәкілетті орган бекіткен тәртіппен аஸыл тұқымдық өнімге (материалға) аஸыл тұқымдық күеліктерді беруді (жоюды) жүзеге асыру;

8.7.15. уәкілетті орган бекіткен тәртіpte, экспорттаушы елдердің құзыреті органдары импортталған аஸыл тұқымды өнімге (материалға) берген аஸыл тұқымды күелікті немесе оған балама құжатты мойындауды жүзеге асыру;

8.7.16. аஸыл тұқымды кітаптарды жүргізу және басып шығару;

8.7.17. аஸыл тұқымды малдарды бағалау, индекстік бағалау, ұрпақтарының сапасы бойынша аஸыл тұқымды малдарды бағалау, геномдық бағалау, аஸыл тұқымды малдарды өз өнімділігі бойынша бағалау (сынау) деректерінің мониторингін жүзеге асыру, сондай-ақ мүдделі тұлғаларды оның нәтижелері туралы хабардар ету;

8.7.18. алқалы орган – Палата Мүшелері жиналышымен келісім бойынша тұқым стандартын бекіту;

8.7.19. аஸыл тұқымды малдың республикалық тізіліміне енгізу үшін аஸыл тұқымды мал тізілімін жүргізу және оның деректерін уәкілетті органмен бекітілген нысан бойынша уәкілетті органға ұсыну.

8.8. Қолданыстағы заннамаға сәйкес және оған осы Жарғымен берілген өкілеттіктерінің шектерінде Палатаның Атқарушы директоры қол қойған шешімдер, Палата Кенесі және немесе Палата Мүшелерінің жиналысы келісkenнен және бекітkenнен кейін, Палатаның барлық мүшелерімен және оның жұмыскерлерімен орындау үшін міндетті болады.

## **9. БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

9.1. Палатаның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды заннамада белгіленген тәртіппен және осы органдардың құзыреті шегінде қаржы, салық және өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

9.2. Палатаның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды сондай-ак бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері де жүзеге асырады.

9.3. Бақылау-тексеру комиссиясы үш мүшеден тұрады.

9.4. Бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері Палата кенесінің мүшелері, Палата қызметкерлері және олармен жақын туысқан адамдар, сондай-ак олардан немесе Палатадан тұрақты жалақы немесе қандай да бір өзге де тұрақты сыйакы алатын адамдар бола алмайды.

9.5. Бақылау-тексеру комиссиясы өз қызметінде Палата Мүшелерінің жиналысымен бекітіletіn бақылау-тексеру комиссиясы туралы ережені басшылыққа алады.

9.6. Бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.

9.7. Бақылау-тексеру комиссиясы Палатаның қаржылық-шаруашылық қызметін жоспарлы түрде де, сондай-ак жоспардан тыс түрде де тексеруге құқылы.

9.8. Жоспарлы тексерулер жылына бір реттен жи емес жүргізілуі мүмкін.

9.9. Жоспардан тыс тексерулер Палата Кенесінің кез келген мүшесінің немесе Палата Мүшелері жиналысының кемінде уштен бірінің талабы бойынша жүргізілуі мүмкін.

9.10. Тексерулер Палатаның, оның басқару органдарының, филиалдар мен өкілдіктердің қалыпты жұмыс режимін бұзбауы тиіс.

9.11. Тексерулердің нәтижелерін Палатаның Атқарушы директоры қарайды және Палата кенесінде баяндайды, нәтижелер Палата мүшелерінің жиналысымен бекітіледі.

9.12. Палата Кенесінің шешімі бойынша тәуелсіз аудиторлық тексеру жүргізілуі мүмкін. Аудиторлық компания қызметтерін төлеуді, аудиторлық компанияны және оның қызметтерінің құнын Палата Кенесі келісkenнен және бекіtkenнен кейін, Палата қаражаты есебінен Палатаның Атқарушы директоры жүзеге асырады.

Аудиторлық тексеру нәтижелерін Палатаның Атқарушы директоры қарастырады және Палата Кенесінде баяндайды, нәтижелер Палата мүшелерінің Жиналысымен бекітіледі.

## **10. ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **10.1.Палата мүшелерінің:**

10.1.1. заннамаға, Жарғыга және Құрылтай шартына сәйкес Палата Мүшелерінің жиналыстарына катысу арқылы Палата істерін басқаруға катысуга;

10.1.2. Палатаның қызметі, онын жоспарлары, бағдарламалары туралы акпарат алуға;

10.1.3. Палатаның Атқарушы директорынан Палата мүшелері жиналысының шешімдерінің және өз ұсыныстарының орындалу жағдайы туралы акпарат сұратуға;

10.1.4. Палата жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар енгізуге;

10.1.5. Палата қызметімен байланысты кез келген сұраптар бойынша Палатаның органдарына жүтінуге;

10.1.6. Палата жүзеге асыратын қызмет шенберінде Палатадан консультациялық, әдістемелік, зангерлік және өзге де көмек алуға;

10.1.7. Палатаның акпараттық базасына, Палата өндіретін өнімдер мен қызметтерге қызмет көрсетудін басым күкірын, Палата өткізетін іс-шараларға қатысадын бірінші кезектегі күкірын пайдалануға;

10.1.8. Палата мүшелері үшін Мүшелер жиналысы айқындаған женілдіктерді және қызметтерді пайдалануға;

10.1.9. Палата шенберінде құрылатын кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметтерін шарттық негізде пайдалануға;

10.1.10. мұлікті Палатаның менишігіне беруге.

10.1.11. Палата ұйымдастыратын оқытудан, қайта даярлаудан және біліктілікті арттырудан өтуге;

10.1.12. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де күкіктарды пайдалануға күкіры бар.

10.2 Палата мүшелері өз күкіктарында тен.

Палата мүшелері осы Жарғыда көзделген өз күкіктарын өздерінің өнірлік өкілдігі бойынша Палата кенесінің мүшесі арқылы Палата кенесіне тиісті өтініш жолдау арқылы іске асырады.

10.3 Палата мүшелері:

10.3.1. Заңнаманың, Құрылтай шартының және Палата Жарғысының талаптарын сактауға;

10.3.2. Палатаның қызметіне қатысуға;

10.3.3. Белгіленген жарналарды уақтылы енгізуға;

10.3.4. Палата қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін қажетті акпаратты уақтылы ұсынуға, оның ішінде:

1) Палатаның Атқарушы директоры, Палата кенесі сұрататын акпарат пен құжаттаманы;

2) Палата мүшесінің атауында, күкіктік мәртебесінде және мекенжайында болған өзгерістер туралы акпаратты;

10.3.5. Егер мұндай ұстанымды Палата мүшелерінің жиналысы қабылдамаса, жария өтініштер мен сез сейлеудерде өз ұстанымын білдіру кезінде Палата атынан өз ұстанымын жарияламауға;

10.3.6. Палата Жарғысымен анықталған күзыретіне сәйкес, Палатаны басқару органдарының шешімдерін орындауға;

10.3.7. Палатаның купия акпаратын жария етпеуге;

10.3.8. Палата органдарының шешімдеріне сәйкес, Палата қызметін жүзеге асыру үшін қажетті статистикалық және басқа акпараттың уақытылы және толық түсін қамтамасыз етуге;

10.3.9. Уәкілдегі орган мен заңнамада белгіленген нысандар бойынша бастапқы зоотехникалық, асыл тұқымдық және ветеринариялық есепке алуды тиісінше жүргізуі жүзеге асыруға, жануарларды тиісті күтіп-багуды қамтамасыз етуге;

10.3.10. Қабылданған нормативтік құжаттарға сәйкес асыл тұқымды өнімді тіркеуді және өткізуі жүргізуге міндетті.

10.4. Міндеттерін жүйелі түрде орындаіттын немесе лайықсыз орындаіттын, немесе Палата алдында өзіне қабылдаған міндеттемелерін бұзған, сондай-ақ өзінің әрекетімен немесе әрекетсіздігімен Палатаның қалыпты жұмысына кедергі келтіретін, сондай-ақ Жарғымен қарастырылған басқа жағдайларда Палата мүшесі Палата Кенесінің шешімімен Палатадан шығарылуы мүмкін.

10.5. Палата мүшелері, сәйкесінше қаржы жылында белгіленген 20 айлық есептік көрсеткіштерден аспайтын міндеттемелері бойынша, субсидиарлық жауапкершілік көтереді.

## 11. ПАЛАТАНЫҢ ҚҰКЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

11.1. Палатаның:

- 11.1.1. заңдарда белгілентген тәртіппен банктерде шоттар ашуға;
- 11.1.2. мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атавы бар мөртабаны және бланкілері, сондай-ақ белгілентген тәртіппен тіркелген эмблемасы (нышаны) болуына;
- 11.1.3. меншігінде мүлкі, сондай-ақ дербес балансы немесе сметасы болуға;
- 11.1.4. мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп алуға және жүзеге асыруға;
- 11.1.5. егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, басқа заңды тұлғалар құруға;
- 11.1.6. филиалдар мен өкілдіктер ашуға;
- 11.1.7. қауымдастықтар мен одактарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға;
- 11.1.8. жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражаттарды пайдалануға;
- 11.1.9. сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;
- 11.1.10. заңнамаға қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.
- 11.2. Палата:
- 11.2.1. Қазақстан Республикасының заңдарын сактауға;
- 11.2.2. белгілентген тәртіппен салық және бюджетке төленетін басқада міндettі төлемдерді төлеуге;
- 11.2.3. өз міндettемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап беруге;
- 11.2.4. заңнамаға сәйкес жауапкершілікте болуға міндettі.
- 11.3. Палата өз мүшелерінің міндettемелері бойынша жауап бермейді.
- 11.4. Палата өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.
- 11.5. Кез келген көздерден алынатын ақша (кез келген мүлік) жарғылық мақсаттарға жіберіледі және Палата мүшелері арасында олардың табыстары ретінде үlestірілмейді.

## **12. ПАЛАТА МУШЕЛЕРИН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ПАЛАТАДАН ШЫГУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ**

- 12.1. Палата оның жаңа мүшелерінің кіруі үшін ашық.
- 12.2. Палата мүшелері ретінде қазақтыңақбас асыл тұқымды майдары бар, Палата Жарғысын мойындаған және Палата алдында тұрган мақсаттар мен міндettтерді жүзеге асыруға үлес коса алатын кез келген жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар болуы мүмкін.
- 12.3. Палатаның жаңа мүшесін қабылдау жеке, немесе Палатаның ресми интернет-ресурсының сәйкесінше тарауы арқылы берілетін мүшелікке қабылдау туралы өтініштің негізінде, Палата мүшелеріне қойылатын талаптарға сәйкес болу шартында, Атқарушы директормен жүзеге асырылады.
- 12.4. Палата мүшесі, оны Палатага мүшелікке қабылдау күнінен бастап, 10 (он) күнтізбелік күн үшінде мүшелікке кіру жарнасын енгізуге міндettі.
- 12.5. Палата мүшелігіне үміткер Атқарушы директор тиісті шешім қабылдаған күннен бастап Палата мүшелері қатарына қабылданды деп есептеледі.
- 12.6. Жыл сайынғы мүшелік жарналарды Палата мүшелері жыл сайын 30 (отзынышы) кантардан кешіктірмей төлейді.
- 12.7. Палатага мүшелік үшінші тұлғаларға берілмейді.
- 12.8. Мүшенің Палата құрамынан шығуы Палатаның Атқарушы директорына шығу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отзыз) күн мерзімде жазбаша өтініш беру арқылы жүзеге асырылады. Палата құрамынан шықкан кезде Палата алдындағы берешекті Палата мүшесі толық көлемде төлеуге тиіс.

12.9. Палата мүшесі келесі жағдайларда сәйкесінше құжат жасалған сәттен бастап, Палата Кеңесінің шешімімен (Палата Кеңесінің жиналышына катысып отырғандардың санынан кем дегенде жартысының шешімімен) шығарылып тасталуы немесе оның мүшелігі Атқарушы директормен токтатыла тұруы мүмкін (осы кезде Палата Кеңесінің шешімі талап етілмейді):

12.9.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын, Құрылтайшы шартты және Палата Жарғысын дөрекі бұзған кезде;

12.9.2. Палата мүшесін оларды төлеуден уақытша босату туралы мүшелер жиналышының шешімі болмаған кезде күнтізбелік жыл ішінде көзделген мүшелік жарналарды жүйелі (екі және одан да көп рет), толық не ішінәра төлемеген кезде;

12.9.3. егер өз қызметі барысында Палата мүшесі Құрылтай шартының және Палата Жарғысының талаптарына және Палата органдары бекіткен өзге де талаптар мен құжаттарға сәйкес келмесе;

12.9.4. егер Палата мүшесі өзінің іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) Палатаның мүдделеріне және/немесе оның мүшелерінің мүдделеріне, Палатаның және казактың ақбас тұқымының имиджі мен беделіне елеулі зиян келтірсе;

12.9.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Палата Жарғысына сәйкес өз құзыреті шенберінде қабылданған Палатаның басқару органдарының міндепті шешімдерін орындаған, сондай-ақ осы Жарғыда көзделген міндептерді орындаған жағдайда.

12.9.6. Палатаның қызметі мен беделіне нұқсан келтіретін қылмыстық немесе өзге де жауапкершілікке тартылған кезде.

12.9.7. жоғарыда аталған себептермен Палатадан шығарылған мүше оны шығару сәтінен бастап, жиырма төрт ай өткеннен кейін Палата құрамына қайта кіру құқығына ие.

Ескертпе: Палатаның шығарылған мүшесі оның Палатадан шығуыға дейін туындаған міндептемелері бойынша шығу сәтінен бастап екі жыл ішінде өзінің жарнасына пропорционалды субсидиарлы жауапкершілік көтереді.

12.10. Палата мүшелері, осы Жарғымен белгіленген тәртіpte, қаржы жылы аяқталғаннан кейін Палатадан өз қарауынша шығуға құқылы. Осы жағдайда Палата мүшесі оның Палатадан шығуына дейін туындаған міндептемелері бойынша шығу сәтінен бастап екі жыл ішінде өзінің жарнасына пропорционалды субсидиарлы жауапкершілік көтереді.

12.11. Егер Палата мүшелерінің құрамынан шығу туралы шешімді мүшенің өзі ерікті түрде қабылдаса және Атқарушы органға жазбаша өтініш жіберілсе, онда Палата Кеңесінің шығару туралы шешімі қажет емес, сәйкесінше құжатты Атқарушы директор жариялады.

12.12. Палата мүшесі Палата құрамынан шығу туралы өтінішін бергеннен кейін үш айдан кешіктірмей, Палата міндепті:

12.12.1. Палата мүшесімен басқа мүшелерге және жалпы Палатага қатысты бұрын өзіне алған міндептемелерін орындау тәртібін анықтауга;

12.12.2. мүшенің Палатадан шығуымен байланысты басқа сұраптарды шешуге.

12.13. Палата мүшелерінің жарналары қайтарылмайды.

### **13. ПАЛАТА МҰЛКІНІҢ ҚАЛЬПТАСУ КӨЗДЕРІ**

13.1. Палата қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті кез келген мүлікке иелік етуге құқылы.

13.2. Палата табысының (мұлкінің) қальптасу көздері мыналар:

13.2.1. Палата мүшелерінің жарналары;

13.2.2. асылтұқымды куәліктерді беру қызметтерінен табыстар (бланк құны);

13.2.3. ерікті мүліктік жарналар және қайырымдылықтар;

13.2.4. заңмен тыйым салынбаған басқа көздер.

## **14. ПАЛАТА МҮЛКІ**

- 14.1. Палата мүлкі Палатаның меншігі болып табылады.
- 14.2. Палата мүлкі оның мүшелері арасында үlestірілмейді.
- 14.3. Палата мүлкі осы Жарғымен қарастырылған мақсаттарға сәйкес пайдаланылады.
- 14.4. Палата, Мүшелер жиналышының шешімдеріне сәйкес, қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті корлар мен резервтер күра алады.
- 14.5. Қалыптасу тәртібі мен құралдары туралы ереже, осындай корлар мен резервтерден қаржатты шығындау көлемдері мен шарттары Мүшелер жиналышымен бекітіледі, сондай-ақ корлар мен резервтерді құру туралы шешім кабылдау кезінде Палата Кеңесімен келісіледі және бекітіледі.

## **15. ПАЛАТА МУШЕЛЕРІНІҢ ЖАРНАЛАРЫ**

- 15.1. Палатаны құру сәтінде құрылтайшылар Палатаны әділет органдарында тіркеу күнінен бастап 20 (жыныма) жұмыс күні ішінде Палатаның банк шотына акша аудару арқылы Палатаның қызметін ұйымдастыру мақсаттарында мүше жарналарын енгізеді.
- 15.2. Мүшелікке кіру жарналарының және жыл сайығы жарналардың көлемі Палата Мүшелерінің жиналышымен анықталады, және Палата Мүшелері жиналышының сәйкесінше хаттамалық шешімдерінде белгіленеді.
- 15.3. Палатаға енгізілген жарналар Палата жарғысында көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін жіберіледі, осыған байланысты қайтарылмайды. Артық төленген жарналар болашақ алдағы жарналар есебіне есептеледі.
- 15.4. Палата мүшесі өз қалауы бойынша Палатаға қосымша жарналар енгізуге құқылы, бұл жағдай Палатаның басқа мүшелеріне дәл солай жасауға міндеттемейді.
- 15.5. Палатаның бір мүшесінің қосымша жарна салуы оның Палатаға және оның басқа мүшелеріне қатысты құқығын арттырмайды.
- 15.6. Қосымша жарналар енгізу туралы Палата мүшелері Палата мүшелерінің жиналышында шешім қабылдауға құқылы.

## **16. ПАЛАТАНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР**

### **МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

- 16.1. Палатаның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Палатаның Кеңесі келіскен және бекіткен Палата Мүшелері жиналышының шешімімен заңнамада көзделген тәртіппен енгізіледі.

## **17. ПАЛАТАНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТАЫРУ ЖӘНЕ**

### **ҚЫЗМЕТИН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ**

- 17.1. Палата заңнамада және Палата Жарғысының 19-тарауында көзделген тәртіппен қайта ұйымдастырылуы және тоқтатылуы мүмкін.

## **18. ПАЛАТАНЫ ТАРАТУ ЖАҒДАЙЫНДА МУЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ**

- 18.1. Палата таратылған (тоқтатылған) жағдайда оның мүлкі Палата Жарғысының 19.4 және 19.5-тармактарында көзделген тәртіппен пайдаланылады.

## **19. ПАЛАТАНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТАЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ**

- 19.1. Палатаның қызметі заңнамаға сәйкес қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен тоқтатылады.
- 19.. Палата оның мүшелерінің кем дегендे үштен екі бөлігінің шешімімен ерікті түрде немесе заңнамамен қарастырылған негіздермен және тәртіpte сот шешімімен мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

19.3. Тарату комиссиясын калыптастыру мен қызметінің тәртібі қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

19.4. Палатаны тарату кезінде оның меншігі мен оны өткізуден алынған каражат Палата мүшелері арасында кайта үlestірілмейді.

19.5. Палатаның қызметін тоқтату кезінде Палата мұлкі, бюджетпен, банктермен және басқа несие берушілермен есеп айырысадан кейін, заңнамамен белгіленген тәртіpte тағайындалған тарату комиссиясымен Жарғымен қарастырылған мақсаттарға жіберіледі немесе Палатаның мақсаттарымен бірдей немесе ұқсас мақсаттар көздейтін коммерциялық емес ұйымдарға беріледі.

**ОСЫ ЖАРГЫҒА ПАЛАТАНЫҢ ТОМЕНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ  
ӨКІЛДЕРІ (МУШЕЛЕРІ) ҚОДАРЫН ҚОЙДЫ:**

«Галицкое» Жауапкершілігі шектеуді серіктестігінің атынан  
Директор А.А. Касицин



«Жана-Береке» Жауапкершілігі шектеуді серіктестігінің атынан  
Директор М.С. Бермаханов

*Марек* (колы)



# **УСТАВ**

## **РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ПАЛАТЫ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ**

### **1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

1.1. «Республиканская палата казахской белоголовой породы» (далее именуемая – Палата), является некоммерческой, самофинансируемой организацией, учрежденной юридическими и физическими лицами, созданная и действующая для реализации и защиты интересов физических и юридических лиц, осуществляющих разведение и (или) воспроизводство племенных животных.

1.2 Палата осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», Законом Республики Казахстан «О племенном животноводстве» и другими нормативными правовыми актами (далее совместно именуемое – законодательство), а также настоящим Уставом и принятыми в соответствии с ним решениями органов управления Палаты.

1.3. Палата осуществляет свою деятельность на всей территории Республики Казахстан. Палата вправе создавать свои структурные подразделения (филиалы и представительства) на территории областей, городов республиканского значения, столицы, действующие на основании утвержденных Положений о них.

1.4. Предоставление информации о деятельности Палаты осуществляется в печатном издании «Юридическая газета».

1.5. Срок деятельности Палаты не ограничен.

### **2. НАИМЕНОВАНИЕ ПАЛАТЫ**

2.1. Полное наименование Палаты:

на государственном языке: «Қазақтың әк бас тұқымының Респубикалық палатасы»;

на русском языке: «Республиканская палата казахской белоголовой породы»;

на английском языке: «Republican Chamber of the Kazakh White-Headed Breed».

сокращенное наименование:

на государственном языке: «Қазақтың әк бас тұқымының Респубикалық палатасы»;

на русском языке: «Республиканская палата казахской белоголовой породы»;

на английском языке: «Republican Chamber of the Kazakh White-Headed Breed».

### **3. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАЛАТЫ**

